

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№380

2015 жылғы 11 желтоқсан

**Облыстық мәслихат аппаратының
құрылымы және штат кестесі, қызмет
автомашиналарының лимиті туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 8-бабының 3-тармағының 4) тармақшасына, «Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Халықтық Банкісінің сметасы есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығының 4-тармағының 3) тармақшасына және «Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшісі емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 қаулысына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, жеке еңбек келісім-шарттары бойынша облыстық мәслихат аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырушы, қызметкерлер лауазымдарының тізбесі, құрылымы, штат кестесі бекітілсін.

2. Қызметтік жеңіл автокөлікке лимит саны екі бірлік болып белгіленсін.

3. «Облыстық мәслихат аппаратының құрылымы және штат кестесі, қызмет автомашиналарының лимиті туралы» облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №272 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Л. ЖАЗЫҚОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Ақтөбе облыстық мәслихаты аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы***Босатылған негізде жұмыс істейтін депутат*

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
	Барлығы:	1

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
3.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	4
	Барлығы:	6

**Облыстық мәслихат
аппаратының басшысы****Г.Күнбаева**

2015 жылғы 11 желтоқсандағы №380
облыстық мәслихаттың шешіміне
2 қосымша

**Облыстық мәслихат аппаратының
Ш Т А Т К Е С Т Е С І**

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Облыстық мәслихаттың хатшысы	1
2.	Облыстық мәслихат аппаратының басшысы	1
3.	Облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары	1
4.	Облыстық мәслихат аппаратының бас маманы	4
	Барлығы:	7

2015 жылғы 11 желтоқсандағы №380
облыстық мәслихаттың шешіміне
3 қосымша

**Облыстық мәслихат аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші
және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырушы,
қызметкерлер лауазымдарының
Т І З Б Е С І**

№	Лауазымдар атауы	Бірлік саны
1.	Қабылдау бөлмесінің хатшысы	1
2.	Заң кеңесшісі	1
3.	Баспасөз хатшысы	1
4.	Іс жүргізуші	1
	Барлығы:	4

**Облыстық мәслихат
аппаратының басшысы**

Г.Күнбаева